



**2025 жылғы 1-жартыжылдықта «Qarmet»
АҚ-ның ағынды суларды тазарту жөніндегі
қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы
есеп**

Тазарту құрылыстары цехы 1969 жылы Теміртау қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарынан, мекемелерінен, әлеуметтік объектілерінен және тұрғын үй алаптарынан түсетін аралас ағынды суларды қабылдау және тазарту үшін пайдалануға берілді.

Өндірістік және тұрмыстық ағынды сулар Теміртау қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарынан, мекемелерінен, әлеуметтік объектілерінен және тұрғын үй массивтерінен диаметрі 1500 мм өздігінен ағатын темірбетон коллекторы арқылы түседі. ТҚЦ құрылымдық бөлімше ретінде "Qarmet" АҚ құрамына кіреді, дербес заңды тұлға болып табылмайды, өзінің қаржылық шоты жоқ.

ТҚЦ құрамына суды тазарту бойынша келесі құрылыстар және цехтың тыныс тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылыстар кіреді:

- Ағынды суларды қабылдау және айдау бойынша сорғы станциясы;
- Ағынды суларды механикалық тазарту бөлімшесі;
- Ағынды суларды биологиялық тазарту бөлімшесі;
- Тұнбаны өңдеу бөлімшесі;
- Ауа үрлейтін машиналар бөлімшесі;
- Қазандық, мазут шаруашылығы, су дайындау;
- Тазартылған ағынды суларды (биоәуіттер) толық тазарту;
- Ағынды суларды тазартуды санитарлық және химиялық бақылау зертханасы;
- Электр қызметі;
- Механикалық қызмет;
- Жалпы цехтық қызметкерлер.

2019 жылы ТҚЦ коллекторларында тазартуға түсетін ағынды сулардың нақты көлемін тіркеуге мүмкіндік беретін есептеу аспаптары орнатылған. Ағынды сулардың жалпы көлемі мыналарды қамтиды:

- Теміртау қаласының тұрғындары мен заңды тұлғаларының ағынды сулары;
- Қалалық кәріз жүйесіне түсетін еріген, жаңбыр және нөсер сулары.

Инвестициялық бағдарламаларды орындау

Ағынды суларды тазарту бойынша қызметтер көрсетуге оңайлатылған тариф алуға инвестициялық бағдарлама көзделмеген.

2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы ТҚЦ қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері:

- 01.07.2025 жылға негізгі құрал-жабдықтардың теңгерімдік (қалдық) құны	402 860,86 мың. теңге
- Ағынды суларды тазартуға жұмсалатын барлық шығындар	679 554,02 мың. теңге
- Пайда (шығын)	-8 380,88 мың. теңге
- Көрсетілетін қызметтердің көлемі	12 822,108 мың. м³

- Ағынды суларды тазартудың өзіндік құны м³ үшін 53.00 теңге
Ағынды суларды тазарту бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі.

ТҚЦ құрылыстарында ағынды суларды тазарту классикалық технология бойынша жүзеге асырылады және ағынды суларды толық тазартуға есептелген. Ал нормативтік тазартылған ағынды сулар Нұра өзеніне біріккен су шығару арнасы арқылы ағызылады.

Бекітілген тарифтік сметада көрсетілетін қызметтердің көлемі 10 850 000 м³ құрайды, іс жүзінде 2025 жылдың 6 айында тазартуға 12 822 108 м³ ағынды су келіп түсті.

Оның ішінде Аква-Трейд ЖШС - 215 881 м³,
Окжетпес ЖШС -Т - 7 126 227 м³
«Qarmet» АҚ - 5 480 000 м³

бұл тарифтік сметада көзделгеннен 1 972 108 м³ жоғары.

Тұтынушылармен жұмыс.
Осы кезеңде тұтынушылармен ағынды суларды тазартуға шарттар жасалмаған:
«АКВА - Трейдинг» ЖШС;
«Окжетпес-Т» ЖШС, тараптардың келіспеушіліктеріне байланысты.

2025 жылдың 6 айындағы қызметтердің сапасы нормативтік-құқықтық актілердің қолданыстағы талаптарына және ағынды суларды тазартуға жасалған шарттардың талаптарына сәйкес келеді.

«Qarmet» АҚ тазарту құрылыстары цехы (ТҚЦ, Теміртау қаласы) осы Қағидаларға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына сәйкес нысандар бойынша есептілікті жүргізбейді.

«Qarmet» АҚ-ның барлық қызметі «Ағынды суларды тазарту» жалғыз реттелетін қызмет көрсетуге бағытталған.

Тарифтік сметаны орындау.
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті департаментінің Қарағанды облысы бойынша 03.07.2018 ж. № 168-НҚ бұйрығы негізінде ҚҚС есептемегенде 1м³ үшін 14,18 теңге мөлшерінде «Qarmet» АҚ ТҚЦ үшін ағынды суларды тазартуға тариф бекітілді.

2025 жылғы 1-жартыжылдықта ағынды суларды тазартуға жұмсалатын шығындар жоспарланған 153 819,11 мың теңгенің орнына 679 554,02 мың теңгені құрады.

Артуы - 525 734,91 мың теңге немесе 341,79%.
Ағынды суларды тазартудың нақты өзіндік құны, тарифтік сметаға сәйкес, 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 1 м³ үшін 53.00 теңгені құрады, бұл бекітілген тарифтен 1³ м үшін 38.82 теңгеге жоғары.

Бекітілген тарифтік сметада шығындардың мынадай баптары ескерілмегенін атап өткен жөн: Жөндеулер, ЖЖМ, отын, «Qarmet» цехтарының цехты ұстауға арналған қызметтері, әскерилендірілген күзет қызметтері, үй-жайларды жинау бойынша қызметтер.

Субъектінің атауы: «Qarmet» акционерлік қоғамы (Теміртау қ. ТҚЦ)
2025 жылғы 6 айдағы «Qarmet» АҚ (ТҚЦ Теміртау қ.) ағынды суларды тазарту жөніндегі қызметтерге арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп.

№ р/р	Көрсеткіштердің атауы *	Өлш. бір.	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	I жартыжылдықта нақты қатыпсқан көрсеткіштер	Ауытқу,%	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
1	Тауарлар өндіруге және қызметтер көрсетуге арналған шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	138 750,61	678 667,84	389,13	
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	80 404,24	253 917,66	215,80	

1.1	Шикізат пен материалдар	мың теңге	13 321,66	103 592,19	677,62	сатып алынатын материалдар бағасының өсуі
1.2	ЖЖМ	мың теңге	0,00	0,00	0,00	
1.3	отын	мың теңге	0,00	8 030,20	0,00	
1.4	Энергия	мың теңге	67 082,58	142 295,27	112,12	сатып алынатын электр энергиясының құнының өсуі
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	49 796,13	300 284,66	503,03	
2.1	Өндірістік қызметкерлердің жалақысы	мың теңге	45 873,91	264 066,17	475,63	жүргізілген қайта құрылымдау және кейіннен комбинаттың өндірістік құрылымына ТҚЦ енгізу нәтижесінде ТҚЦ-ның барлық қызметкерлері «Qarmet» АҚ штатына кіреді және өндірістік қызметкерлер санатына жатады. Цех қызметімен байланысты әкімшілік функцияларды «Qarmet» АҚ әкімшілік қызметкерлері орталықтандырып орындайды.
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	3 922,22	36 218,49	823,42	
3	Амортизация	мың теңге	4 517,47	7 330,11	62,26	
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	0,00	17 270,68	0,00	
4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу	мың теңге	0,00		0,00	
4.2	Шаруашылық тәсілмен орындалатын ағымдағы (жоспарлы-алдын алу) жөндеу	мың теңге	0,00	17 270,68	0,00	
5	Басқа шығындар (ашып көрсету)	мың теңге	4 032,78	99 864,73	2 376,32	
5.1	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	мың теңге	2 495,29	6 399,74	156,47	құнның өсуі
5.2	Цехты сумен жабдықтау	мың теңге	1 310,70	326,68	-75,08	өз мұқтаждарына шаруашылық ауыз суды тұтынуды төмендету есебінен қалыптасты (суды тиімді пайдалану жөніндегі бағдарламаны енгізу)
5.3	Өрт-құзет сигнализациясы	мың теңге	226,80	24,47	-89,21	Орындалған жұмыстар актілерін жабу 2025 жылдың екінші жартыжылдығында жоспарланып отыр.
5.4	Үй-жайларды жинау	мың теңге	0,00	494,57	0,00	
5.5	Объектіні әскерлендірілген күзету	мың теңге	0,00	21 765,74	0,00	
5.6	Кадрлар даярлау	мың теңге	0,00	363,61	0,00	
5.7	Арнайы тамақтану	мың теңге	0,00	0,00	0,00	
5.8	Цехты ұстауға арналған «Qarmet» цехтарының қызметтері	мың теңге	0,00	70 489,91	0,00	
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде	мың теңге	15 068,51	886,18	-94,12	
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге	15 068,51	886,18	-94,12	
6.1	Әкімшілік қызметкерлердің жалақысы	мың теңге	13 218,02	0,00	-100,00	жүргізілген қайта құрылымдау және кейіннен комбинаттың өндірістік құрылымына ТҚЦ енгізу нәтижесінде ТҚЦ-ның барлық қызметкерлері «Qarmet» АҚ штатына кіреді және өндірістік қызметкерлер санатына жатады. Цех қызметімен байланысты әкімшілік функцияларды «Qarmet» АҚ әкімшілік қызметкерлері орталықтандырып орындайды.
6.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	1 130,14	0,00	-100,00	
6.3	Салықтар, айыппұлдар, төлемдер, респ. бюджет	мың теңге		0,00		
6.4	Амортизация	мың теңге	507,37	507,37	0,00	
6.5	Басқа шығыстар (ашып көрсету)	мың теңге	212,99	378,82	77,86	
6.5.1	Кенсе тауарлары	мың теңге	104,40	177,20	69,73	
6.5.2	Шаруашылық тауарлары	мың теңге	108,59	201,62	85,68	
III	Қызметтерді ұсынуға арналған барлық шығындар	мың теңге	153 819,11	679 554,02	341,79	

IV	Кіріс (РБА*СН/ (1-(КПН /100))	мың теңге		-8 380,88		
V	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	мың. м ³	10 850,00	12 822,11	18,18	Ағынды су көлемінің ұлғаюы қалалық су бұру желілеріне түсетін еріген, жаңбыр және нөсер суларын тазарту жүйесіне түсу есебінен болды.
VI	Тариф	теңге/м ³	14,18	53,00	273,84	

Осылайша, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметада ішінара ескерілмеген шығындарға байланысты 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында «Qarmet» АҚ ТҚЦ ағынды суларының 1 м³ тазартудың нақты өзіндік құны қолданыстағы тариф 14,18 теңге болған кезде 53,00 теңгені құрады.

2025 жылы тазарту құрылыстары цехы №3 бастапқы тұндырғышқа және тұнбаны тұнба карталарына айдау құбырына күрделі жөндеу жүргізуді жоспарлап отыр, бұл олардың орналасуын, төсеу тереңдігінің (биіктігінің) белгілерін, құбырлардың диаметрін өзгертуді талап етпейді. Сондай-ақ, ДКВР 2.5-13 №2 қазандығын ағымдағы жөндеу.

Қазіргі уақытта цех Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019.11.19 №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 601) тармағының 1) және 11) тармақшалары негізінде ағынды суларды тазарту жөніндегі қызметтерге тарифті өзгертуге бастамашылық жасайды. Ұсынылған тарифтік смета жобасы келесі факторларға негізделген:

- Стратегиялық ресурстар (электр энергия) бағасының айтарлықтай өсуі;
- Еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың өсуі.

Бекітілген тарифтік сметаның қалған баптары өзгеріссіз қалады.